# "Рухани жаңғыру" кеңсесі ашылды

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ



Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында Елбасының "Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар" бағдарламасын ел ішінде кеңінен насихаттау мақсатында "Рухани жаңғыру" кеңсесі ашылды.

Салтанатты шараға қала әкімі Эльдар Күзенбаев пен облыстық "Рухани жаңғыру" кеңсесінің менеджері Марғұлан Бәкір қатысып, лентасын қиды.

Білім ордасындағы ізгілікті шара "Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі" атты конференцияға ұласып, конференцияны институт ректоры, г.ғ.д., профессор С.Қуанышбаев ашты. Қала әкімі Э.Күзенбаев құттықтау сөз сөйледі.

Пленарлық отырыста облыстық "Рухани жаңғыру" кеңсесінің менеджері, "Жайдарлы жастар" қоғамдық қорының директоры М.Бәкір, Жезқазған университетінің доценті, п.ғ.к З.Қашқынбаева, Арқалық қалалық білім бөлімінің әдіскері А.Жұмағанбетова, АрқМПИ ректор кеңесшісі, "Рухани жаңғыру" жобалық кеңсесінің директоры С.Тасмағанбет, белгілі қолөнер шебері, өлкетанушы Ш. Байділдиндердің баяндамалары тыңдалды.

Конференцияға ресейдің Омск қаласынан, ел аймақтары Астана, Алматы, Қостанай қалаларынан мақалалар келіп түсті.